**Бекітемін:**
**ЖШС «Радость-2020» балабақшасының меңгерушісі**
**Г.Василова** _____

2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

| № | Қаралатын мәселе | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту.<br>2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау.<br>3. 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.<br>4. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы. | Қыркүйек | Меңгерушісі Г.Василова, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар комитетінің өкілдері. |
| 2 | 1. 2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығындағы тәрбие-білім беру жұмыстарының қорытындысы.<br>2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы.<br>3. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.<br>4. Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру. | Желтоқан | меңгерушісі Г.Василова, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар комитетінің өкілдері. |
| 3 | 1. 2024–2025 оқу жылының III тоқсанындағы тәрбие-білім беру жұмыстарының орындалу барысы.<br>2. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту жұмыстары.<br>3. Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру.<br>4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық | наурыз | меңгерушісі Г.Василова, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар комитетінің өкілдері. |
| 4 | 1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы.<br>2. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысының есебі.<br>3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.<br>4. 2025–2026 оқу жылына ұсыныстар енгізу. | мамыр | меңгерушісі Г.Василова, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар комитетінің өкілдері. |

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАС

Өткізілген күні: 2024 жылғы «5» қыркүйек

Өткізілген орны: ЖШС «Радость-2020» балабақшасы

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі Г.Василова, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар комитетінің өкілдері.

Төраға: Д.Итахунова

Хатшы: Н.Момунова

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту.

2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау.

3. 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

4. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы.

1-мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі Г. Василова Қамқоршылық кеңесінің қызметі туралы ақпарат берді. Кеңестің негізгі міндеттері – балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қолдау көрсету, тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал ету екені атап өтілді.

Ұсынылған Қамқоршылық кеңесінің құрамы таныстырылып, талқылауға ұсынылды.

Сөйлегендер:

Кеңес мүшелері ұсынылған құрамды қолдап, жаңа оқу жылында бірлесіп жұмыс істеуге дайын екендерін білдірді.

Қаулы етті:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін.

2. Кеңес мүшелері өз қызметін бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырсын.

**2-мәселе бойынша тыңдалды**

Кеңес мүшелері арасынан төраға және хатшы сайлау мәселесі қаралды.

**Сөйлегендер:**

Төрағалыққа Д. Итахунова, хатшылыққа Н.Момунова кандидатуралары ұсынылып, ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қолдау тапты.

Қаулы етті:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Д. Итахунова сайлансын.

2. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып Н. Момунова сайлансын.

**3-мәселе бойынша тыңдалды**

Кеңес төрағасы 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда балалардың қауіпсіздігі, ата-аналармен жұмыс, материалдық-техникалық базаны жетілдіру және оқу жылының қорытындысын шығару мәселелері қамтылғаны айтылды.

**Қаулы етті:**

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

4-мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндама жасады. Топ **бөлмелері**, ойын алаңдары, оқу құралдары, санитариялық жағдай және қауіпсіздік талаптарының толық орындалғаны туралы ақпарат берді.

Қаулы етті:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары тұрақты бақылауда ұсталсын.

Төраға:

Хатшы:

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 2024 жылғы «23» желтоқсан

Өткізілген орны:ЖШС «Радость -2020» балабақшасы

Төраға: Д.Итахунова
Хатшы: Н.Момунова

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығындағы тәрбие-білім беру
2. жұмыстарының қорытындысы.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, санитариялық-гигиеналық
4. талаптардың сақталуы.
3. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.
4. Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру.

1-мәсле бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі Г.ВасиловаI жартыжылдықта атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары туралы есеп берді. Ол оқу қызметтерінің перспективалық жоспарға сәйкес өткізілгенін, тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілгенін атап өтті. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби дамуы мен ата-аналармен бірлескен іс-шаралардың нәтижелері туралы ақпарат берілді.

Сөйлегендер:
Әдіскер У.Масимова оқу-тәрбие процесінің сапасы туралы баяндап,

педагогтердің әдістемелік жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстар айтты.

Қаулы етті:

1. I жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп
2. бағалансын.
2. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды

Медицина қызметкері А. Мансурова балалардың денсаулығын сақтау, күн тәртібінің орындалуы, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы баяндады. Қыс мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу және қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар таныстырылды.

Сөйлегендер:
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балалардың қауіпсіздігіне қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстарға оң баға беріп, олардың тұрақты бақылауда болуын ұсынды.
Қаулы етті:
1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бағытындағы жұмыстар
2. жалғастырылсын.
2. Санитариялық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауда болсын.
3. Қысқы кезеңде қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.
3-мәселе бойынша тыңдалды
Тәрбиешілер ата-аналармен өткізілген жиналыстар, кеңестер, ашық оқу қызметтері және бірлескен тәрбиелік іс-шаралар туралы ақпарат берді. Ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі талқыланды.

Қаулы етті:

1. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Бірлескен мәдени, спорттық және тәрбиелік іс-шаралардың саны арттырылсын.

4-мәселе бойынша тыңдалды
Балабақша меңгерушісі Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды өткізу жоспарын таныстырды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мерекелік безендіру талаптарын сақтау және іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Сөйлегендер:
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыруға қолдау білдірді.

Қаулы етті:
1. Жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.
2. Іс-шаралар барысында қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.

3. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне жауапкершілік күшейтілсін.

Төраға: _____

Хатшы: _____

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 2025 жылғы «28» наурыз
Өткізілген орны:ЖШС «Радость-2020 » балабақшасы
Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі Г.Василова, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар комитетінің өкілдері.

Төраға: Д.Итахунова
Хатшы: Н.Момунова

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылының III тоқсанындағы тәрбие-білім беру жұмыстарының орындалу барысы.

2. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту жұмыстары.

3. Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру.

4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.

1-мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі Г.Василова оқу жылының III тоқсанында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Тәрбие-білім беру қызметі жылдық жоспарға сәйкес жүргізіліп отырғаны, тәрбиеленушілердің танымдық, сөйлеу, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралардың нәтижелері таныстырылды.

Сөйлегендер:

Әдіскер У. Масимова педагогтердің ұйымдастырылған оқу қызметтерінің сапасы, әдістемелік жұмыстар және балалардың даму көрсеткіштері туралы баяндама жасады. Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыруды ұсынды.

Қаулы етті:

1. Тәрбие-білім беру жұмыстары жоспарға сәйкес жалғастырылсын.
2. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар күшейтілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды

Тәрбиешілер ата-аналармен өткізілген жиналыстар, ашық есік күндері, мерекелік іс-шаралар және бірлескен жобалар туралы ақпарат берді. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуының маңыздылығы атап өтілді.

Сөйлегендер:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ата-аналармен серіктестікті одан әрі нығайту, отбасылық құндылықтарды насихаттайтын іс-шараларды көбейту жөнінде ұсыныстар айтты.

Қаулы етті:

1. Ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Бірлескен тәрбиелік, мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі көктемгі абаттандыру жұмыстарының жоспарын таныстырды. Балабақша аумағын көгалдандыру, гүл отырғызу, ағаштарды күтіп-баптау және ойын алаңдарын ретке келтіру мәселелері қаралды.

Сөйлегендер:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері көгалдандыру жұмыстарына ата-аналарды тартуды және сенбілік өткізуді ұсынды.

Қаулы етті:

1. Балабақша аумағын абаттандыру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
2. Көгалдандыру және сенбілік жұмыстарына ата-аналар белсенді қатыстырылсын.

4-мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жоспары туралы баяндады. Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, таза ауадағы ойындар мен сауықтыру шараларын ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Қаулы етті:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жоспары бекітілсін.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша барлық қауіпсіздік шаралары орындалсын.
3. Жазғы кезеңде өткізілетін іс-шаралар жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.

Төраға: _____

Хатшы:____

# ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ № 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 2025 жылғы «22» мамыр

Өткізілген орны ЖШС: «Радость-2020» балабақшасы

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі Г.Василова, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, әдіскер, медицина қызметкері, ата-аналар комитетінің өкілдері.

Төраға: Д.Итахунова
Хатшы: Н.Момунова

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы.
2. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысының есебі.
3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.
4. 2025–2026 оқу жылына ұсыныстар енгізу.

1-мәселе бойынша тыңдалды
Балабақша меңгерушісі Г.Василова 2024–2025 оқу жылының қорытындысы туралы баяндама жасады. Оқу жылы барысында тәрбие-білім беру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылғаны, тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және дене дамуына бағытталған іс-шаралардың толық орындалғаны айтылды.
Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту және педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілгені атап өтілді.
Сөйлегендер:
Әдіскер У.Масимова оқу жылының қорытындысы бойынша педагогтердің жұмысына талдау жасап, келесі оқу жылында инновациялық әдістерді кеңінен қолдануды ұсынды.

Қаулы етті:

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.

2. Тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар келесі оқу жылында жалғастырылсын.
2-мәселе бойынша тыңдалды

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Д.Итахунова кеңестің жыл бойы атқарған жұмысы туралы есеп берді. Кеңес отырыстарында балалардың қауіпсіздігі, оқу-тәрбие жұмыстары, ата-аналармен өзара байланыс және материалдық-техникалық базаны

жетілдіру мәселелері қаралғаны айтылды.
Сөйлегендер:
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, келесі оқу жылында да белсенді жұмыс жүргізуге дайын екендерін білдірді.

Қаулы етті:
1. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Кеңестің жұмысы келесі оқу жылында жалғастырылсын.
3-мәселе бойынша тыңдалды
Балабақша меңгерушісі жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жоспарын таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту, таза ауадағы ойындар мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, қауіпсіздік техникасын сақтау және санитариялық талаптарды орындау мәселелері қарастырылды.
Сөйлегендер:
Медицина қызметкері жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау және алдын алу шараларын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар айтты.

Қаулы етті:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бекітілсін.

2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау шаралары толық қамтамасыз етілсін.

3. Жазғы іс-шаралар белгіленген жоспарға сәйкес өткізілсін.

4-мәселе бойынша тыңдалды

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстарды талқылады. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіру, ата-аналармен байланысты нығайту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәрбие-білім беру сапасын арттыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізілді.

Қаулы етті:

1. Ұсынылған ұсыныстар 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына енгізілсін.
2. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту жалғастырылсын.
3. Қамқоршылық кеңесі мүшелеріне оқу жылындағы белсенді еңбегі үшін алғыс жариялансын.

Төраға: _____

Хатшы: _____